

ӘОЖ 633.581.9:582.5

Т.С. Ибрагимов, А.Т. Қуатбаев*, А. Айтбаева, Г. Сапарбекова
Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, Қазақстан, Шымкент қ.

*E-mail: ashat_kuatbaev@mail.ru

Оңтүстік Қазақстан облысы табиғи жайылымдарының қазіргі жағдайы және келешегі

Аңдатпа. Мақалада Оңтүстік Қазақстан аумағындағы табиғи жайылымдарды пайдалану жағдайы туралы айтылған. Жер көлемін ғана ұлғайтып, жайылым пайдалану қазіргі нарықтық экономика жағдайында мал өнімділігін арттыру және сапасын жақсартуда көптеген қиындықтар туғызып отыр. Сондықтан бүгінгі заман талабына сәйкес мал шаруашылығында қалыптасып отырған меншік түрлері үшін табиғи жайылымды сақтау мен пайдалану арасындағы қатынасты сақтай отырып, мал басын көбейту мен сапасын жақсарту және инновациялық технологияларды пайдаланып, малшаруашылығы кешендерін құру арқылы жайылымдарды қалпына келтіру жұмыстары жүргізілуі керек. Қорыта айтқанда, мәдени екпе жайылымдар жасау және оны дұрыс пайдалану шөл және шөлейт жайылымдарының өнімділігін 3-4 есе арттыратыны, сөйтіп, малдың жем шөпке деген қажеттілігін толықтай қамтамасыз етуге мүмкіндік беретіні сөз болады.

Түйін сөздер: жайылымдар, мал шаруашылық, мәдени екпе жайылымдар

Қазақстан Республикасы агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың түпкі мақсаты – азық-түлік қауіпсіздігін нығайту, яғни халықты экологиялық жағынан таза тамақ өнімдерімен және өнеркәсіпті шикізатпен толық қамтамасыз ету болып табылады. Бұл мәселелерді шешуге елімізде толықтай негіз бар. Соның бірі – арзан және экологиялық таза өнім беретін қой, ірі қара, түйе және үйірлі жылқы шаруашылықтарын жемшөпке деген қажеттің 70-80% беретін ұлттық байлығымыз – табиғи жайылым қорының молдығы. Дегенмен оның басым бөлігі экологиялық жағдайы күрделі шөл және шөлейт аймақтарда жатқандықтан шығымдылығы төмен келеді және жылма-жыл тұрақты емес. Оның үстіне өткен ғасырдың 50-жылдарынан басталған саяси экономикалық, әлеуметтік оқиғалардың салдарынан табиғи жайылымдардың экологиялық тепе-теңдігінің бұзылу әсері осы күнге дейін жалғасуда. Сонымен қатар соңғы жылдары қалыптасқан жайылым пайдалану жүйесі тозған жайылымдардың

көлемін ұлғайтып, экологиялық ахуалын одан әрі ушықтыра түсуде. Бүгінде тозығы жеткен, шөлейттен бастаған жайылымдардың аумағы 26,1 млн гектардан асып отыр. Бұл жайылымдық жерлердің пайдалы мал азықтық өсімдіктер қатары сиреп, көлемі азаюда, есесіне улы және арамшөптер басуда, топырақ құрамының нашарлап, қарашірік мөлшерінің төмендеуіне әкеліп соғуда [1].

Мұның өзі қазіргі дамып келе жатқан нарықтық экономика жағдайында мал өнімділігін арттыру және сапасын жақсартуда көптеген қиындықтар туғызып отыр.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев 27. 01. 2012 жылы Қазақстан халқына Жолдауында: Үкіметке мал шаруашылығының басқа салаларын, оның ішінде қой шаруашылығын, сондай-ақ жемаздық өндірісі мен шалғайдағы жайылымдық мал шаруашылығын дамыту жөніндегі бағдарламаларды жасауды қамтамасыз етуді тапсырамын деген бола-

тын [2]. Бұған қосымша мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналған еліміздің агроөнеркәсіп қызметкерлерінің Республикалық форумында сөйлеген сөзінде мал шаруашылығын дамыту, табиғи жайылымды тиімді пайдалану арқылы ет өнімін молайтуды, ол үшін су көздерін қалпына келтіру мәселесін көтерген еді.

Сондықтан бүгінгі заман талабына сәйкес мал шаруашылығында қалыптасып отырған меншік түрлері үшін табиғи жайылымды сақтау мен пайдалану арасындағы қатынасты сақтай отырып, мал басын көбейту мен сапасын жақсарту талабы кезек күттірмейтін міндеттердің бірі болып қала бермек. Әрине, бұл мәселені шешудің төте жолы жайылымдарды тиімді пайдалану мен жақсарту шараларын іске асырған жағдайда ғана болатындығын озық тәжірибе мен ғылыми зерттеулер нәтижесі көрсетіп отыр. Соның ішінде табиғи мал азықтық өсімдіктер байлығын пайдалана отырып, екпе жайылымдар жасау орны ерекше.

Зерттеу жұмыстары Оңтүстік Батыс мал және өсімдік шаруашылығы ғылыми зерттеу институты жайылым және мал азығын өндіру бөлімінде жайылымды жақсартудың жалпы қабылданған әдістемелері арқылы және облыстық ауылшаруашылығы басқармасының статистика мәліметтеріне сүйеніп жүргіздік.

Оңтүстік Қазақстан облысының ауылшаруашылығының негізгі бағыты – мал және өсімдік шаруашылығы. Мал жыл бойы табиғи жайылымдарда бағылады. Облыстың жайылым және шабындық қоры 9368,9 млн гектарға жуық жерді қамтиды. Олар географиялық, орналаусына байланысты таудағы, тау бөктеріндегі мен жазықтағы жайылымдарға бөлінеді [3].

Таудағы жайылымдар. 900 мың га жерді немесе барлық табиғи жайылымдардың 9,0%-ын құрайды олармен альпілік және субальпілік шалғындар ұштасып жатады. Мұндағы өсімдік жамылғысында бетеге, түркістандық қарақияқ, жабайы арпа, қоңырбас сияқты мал азығы өсімдіктері басым. Мұндағы жайылымдарды тек жаз кезінде ғана пайдалануға мүмкіндік береді. Мал жейтін құрғақ шөптің шығымдылығы гектарына 2 центнерден 6 центнерге дейін болады.

Тау бөктерлеріндегі жайылымдар 2,145 млн гектарға жуық жерді немесе барлық табиғи жайылымдардың 22%-ын алып жатыр. Өсімдік жамылғысы жусанды-астық тұқымдас, жусанды-эртүрлі шөпті бұталы және эфемерлі-жусанды болып келеді. Негізгі мал азығы өсімдіктері – шалғындық көде, тауарпа, қылтанақты арпабас,

сұр түркістандық жусан, үлпілдек ақбидайық және басқалар. Мал жейтін құрғақ шөбінің өнімділігі көктем-күз маусымында 3-7 центнер аралығында болады.

Жазықтағы жайылымдар. Облыстағы барлық табиғи жемшөптік жердің ең үлкен бөлігін – 6,6 миллион гектар жерді немесе 69%-ын алып жатыр. Облыстың орталығы арқылы солтүстік-батыстан оңтүстік шығысқа қарай кесіп өтетін Қаратау жотасы оның жазық жайылымдарын екі бөлікке: Мойынқұм шағылы, Шу аңғары, Қаратаудың теріскей бөктеріндегі жазықтық пен Бетпақдала үстіртін алып жатқан солтүстік бөлікке және Шардара даласын, Сырдария аңғары мен Қызылқұм шағылын алып жатқан оңтүстік бөлікке бөледі. Жайылымдағы өсімдіктер қауымдастығына қарай олардың шығымдылығы әртүрлі болып келеді, яғни шөптесін-бұталы жайылымдардың құрғақ өнімділігі – 1,5-4,0 ц/га, раңды, жусанды-раңды, сортанды-жусанды, жусанды-түрлі шөпті 1,5-2,5 ц/га құрайды [1].

Жалпы айтқанда, облыс мал шаруашылығының негізгі жемшөп көзінің қоры табиғи жайылымдықтар көлемі аз жерді алып жатпағаны баршаға белгілі. Әйткенмен мал шаруашылығын жемшөппен қамтамасыз ету тұрақты емес. Әсіресе бұл мәселе шөл және шөлейт аймақта ерекше орын алады.

Шөл және шөлейт аймақтары жерлерінің ашық жатуы, күшті өкпек желдердің жиі соғатыны, топырақ құрамының нашарлығы, құмдақ және құмшауыт топырақты жер көлемінің молдығы, ауа райының тұрақсыз және құрғақты болуы мұндағы өсімдік түрлерінің әртүрлілігіне, жайылым шығымдылығы мен сапасының да түрліше болуына әсерін тигізеді.

Кейінгі жылдары жайылым шаруашылығына дұрыс мән бермеу пікірі басым. Оларды тиімді пайдаланбау, сақтау мен пайдалану арасындағы теңестірілген қатынасты сақтамау көптеген жайылымдық алқаптардың әртүрлі сатыдағы азып-тозуына және пайдалы өсімдіктер дүниесінің сиреуіне әкеліп соқтыруда. Алынған мәліметтер бойынша облыс аумағындағы 1,3 миллион гектар жайылым азып, оның 0,8 миллион гектары жел эрозиясына ұшыраған. Құнарсызданып, оты сұйылған жайылымдардың дені Созақ, Отырар, Шардара, Арыс және Түркістан аудандарына келеді. Соңғы жылдары жайылымдардың азып-тозуы жаңа бағыт алды, яғни негізгі мал басы ауылдық жерлерге ойысты, осының нәтижесінде ірілі-майда ауылдардың айналасында жайылымдар шектен тыс пайдаланылуда. Тағы бір келеңсіз жағдай, ол жартылай бұталы мен бұталар үшін ретсіз шабылуда [2].

Облыстың ауылшаруашылығы басқармасының соңғы 2011 жылдың қарашасында берген мәліметіне жүгінетін болсақ, облыста ауылшаруашылығына берілген жердің көлемі – 5 770,4 млн га, оның 128,2 мың га шабындық жер. Ал осы жерлердің агроқұрылымдарға берілгендері – 3199,9 және 114,8 мың га. Сараптамалық жұмыс барысында мал санының көбеюіне байланысты малды жемшөппен қамтамасыз ете алмайды. Келісілген зоотехникалық ережелерге сәйкес бір қой басына бір жылға 423 азықтың өлшем бірлігі керек.

Облыс аймағындағы малдың, соның ішінде бір ғана қой, ешкінің 4 077 200 санын жемаздықпен қамтамасыз ету үшін 1,379154,6 мың азықтың өлшем бірлігі керек екендігі анықталады. Сонымен қатар облыстың бірнеше ауданында мал санының сыйымдылығы өте жоғары. Облыс бойынша орташа есеппен 100 га жайылымдық жерге 81 қой басы жайылады екен. Кейбір аудандарда үл көрсеткіш өте жоғары, Арыс ауданында 100 га жайылымдыққа 141 қойдан, ал Отырар ауданында 100 га жайылымдыққа 239 қойдан тиесілі болып отыр. Бұл деген сөз жайылымдық жерлерге салмақтың өте жоғары деңгейде түсуін аңғартады.

Бұл жағдайдан шығудың 3 жолы бар: бірінші – резервтер есебінен жайылым көлемін ұлғайту (экстенсивтік жол); екінші – жемшөптік дақылдарды себу арқылы жайылымды жақсарту (интенсивтік жол). Бұл шара көп қаржы шығаруды қажет етеді, яғни -1 га жерге 20-25 мың теңге шығын керек. Үшінші жол – мал басын жайылымның азықтық сыйымдылығына сәйкестендіру.

Біздің жасап, жүргізген есептер бойынша ең дұрысы резервтер есебінен жайылым көлемін ұлғайту болып табылады. Алайда бұл шараны іске асыру жайылымдардың жеткілікті суландырылмауына байланысты тежеліп отыр. Өткен ғасырдың 90-жылдары, оның 1/3 көлемі сумен қамтамасыз етілді. Ол кезде жайылымның 36%-ы табиғи су көздері және 64%-ы инженерлік құрылымдар есебінен суландырылды. Қазіргі кезде облыс жайылымдарында 2545 құдық қолданыста, яғни барлық мал басы табиғи су көздері маңында шоғырланған. Сондықтан тозған

жайылымдар көлемі 1300,0 мың/га-ға дейін өсті. Сол себепті жайылымдық мал шаруашылығында құдықтар қазу есебінен жайылым көлемін арттыру кезек күттірмейтін мәселе болып табылады. Облыстық шабындық көлемі 128,2 мың га құрайды. Ол, негізінен, (таулы жерден басқа) ірі қара пішеннен, жартысынан көбі қамыс-құрақтан тұрады.

Алынған мәліметтерді тұжырымдай отырып, біз жайылымдарды жақсарту барысында аралас екпе жайылымдарды жаңғырту және жайылымдық мал шаруашылығы кешенін құруды дамытуымыз керек. Сонда ғана біз болып жағқан келеңсіз жағдайларды болдырмауға, яғни жаңа инновациялық технологияларды пайдаланып, жаңа инфрақұрылымдарды құрып малдың басым көпшілігін шалғай мал шаруашылығын дамыту арқылы жайылымдарды қалпына келтіруге болады.

Қорыта айтқанда, мәдени екпе жайылымдар жасау және оны дұрыс пайдалану шөл және шөлейт жайылымдарының өнімділігін 3-4 есе арттырады, сөйтіп, малдың жемшөпке деген қажеттілігін толықтай қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Сондықтан әрбір меншік қожалықтары жайылымдық мал шаруашылығы кешенін құруда, екпе жайылымдар жасау жұмысына жете мән бергені дұрыс. Үкімет және жергілікті атқарушы мекемелер тарапынан шешімді шаралар қабылданғаны жөн.

Әдебиеттер

1 Абдраимов С.А., Сейткаримов А., Ибрагимов Т.С. Оңтүстік Қазақстан шөл жайылымдарын пайдалану және жақсарту. – Алматы: Бастау, 2004. – 24 б.

2 Курочкина Л.Я. Растительность песчаных пустынь Казахстана // В кн.: Растительный покров Казахстана. – Алма-Ата: Білім, 1966. – Т.1. – С. 191.

3 Жазылбеков Н.Ә Алматы облысы мал азығы ресурстарының қазіргі жағдайы және келешегі. Шаршы. – Алматы: Бастау, 2011. – 25 б.

Т.С. Ибрагимов, А.Т. Куатбаев, А. Айтбаева, Г. Сапарбекова
Перспективы и современное состояние пастбищ юга Казахстана

В статье приведены данные о современном состоянии пастбищ и пути их восстановления на юге Казахстана, а также создании животноводческих комплексов с использованием инновационных технологий. В рыночных условиях повышение качества и увеличение поголовья скота только за счет расширения площади пастбищных угодий приводят к возникновению новых проблем. Поэтому возникшие проблемы в животноводстве по увеличению поголовья скота, повышению качества должны производиться с учетом сохранения баланса между использованием и сохранением пастбищных угодий. Для этого нужно внедрить инновационные технологии, основанные на создании животноводческих комплексов и восстановлении пастбищных угодий. Организация культурных выпасов и их рациональное использование позволит в 3-4 раза повысить производительность пустынных и полупустынных пастбищ и тем самым даст возможность полностью обеспечить нужду в кормопроизводстве.

Ключевые слова: пастбища, животноводство, пастбищные угодья.

T. S. Ibragimov, A.T. Kuatbaev, A. Aitbaeva, G. Saparbekova
Future and Contemporary Conditions of Nature Pastures in South Kazakhstan Region

In the paper it was presented data about the current state of pastures and restore ways of South Kazakhstan, as well as a livestock farms with the use of an innovative technologies. In market conditions the improving of the quality and the increasing of the number of livestock only by increasing of the area of grassland lead to new problems. Therefore, these problems in animal husbandry to increase the number of livestock, the improvement of quality should be made considering the maintaining of balance between use and conservation of grasslands. For this need to introduce innovative technologies based on the establishment of livestock arms and recovery of grassland. The organization of cultural pastures and their rational use will increase the performance of desert and semidesert grassland in 3-4 times, and thereby it will give the opportunity to provide the need for fodder production fully.

Keywords: pastures, animal breeding, grazing land.